

Aşağıda verilen metni okuyunuz, metnin transkripsiyonunu yapıp Türkiye Türkçesine aktarınız, içeriği hakkında sınıfta konuşup sorulan sorulara cevap veriniz.

Kaynak:

Agzamova Z., K. Şaymerdenova (2006) Kazak Tili, Almatı.

## Абылай хан



Абылай хан (шын аты Әбілмансүр) — қазақ халқының ұлы мемлекет қайраткері, батыл қолбасшы, дарынды, ақылды да айлалы ел билеуші болған.

Абылай қазақ халқының тарихында өте маңызды істер атқарған. Өз халқын сүйген Абылай Қытай мен Ресей сияқты ірі екі ел арасында үлкен дипломаттық жұмыстар атқарды. Өз халқын сақтап қалуға ұмтылды. Орта Азия хандықтарымен,

Ресей және Қытай мемлекеттерімен сауда-саттық, мәдени қарым-қатынас орнатты. Абылай қазақтың батырларын жанына жинады. Үш жүздің басын біріктірді. Ол Жоңғар шапқыншыларына қарсы ойсырата соққы беру күресін шебер ұйымдастырды.

1771 жылы үш жүздің басшы өкілдері Түркістанда Абылайды хан көтерді. Абылай бүкіл қазақ ордасының ұлы ханы болды. Оның есімі тәуелсіздік символына, жауынгерлік ұранға айналды.

Абылай жетпіс жасында қайтыс болды. Ол Түркістандағы Қожа Ахмет Йассауи кесенесіне жерленген. Қазақ елінің әлемге танылуы, жерінің тұтас сақталуы дана қайраткер Абылай хан және Қабанбай, Бөгенбай, Райымбек тағы басқа батыр ұлдарының арқасы.